

М.К. Абдрахманов

*Alikhan Bokeikhan University, Қазақстан, Семей
(E-mail: medet-abdrahmanov@mail.ru)*

Мәслихат депутаттарының қызметін оңтайландыру және азаматтық қоғамды жетілдіру мәселелері

Андатпа. Мақалада жергілікті басқарудағы жергілікті өкілді органдармен жергілікті атқарушы органдарының құқықтық мәртебелеріне қатысты өзекті мәселелер қарастырылған. Жергілікті өзін-өзі басқаруды жетілдірудің шетелдік және ұлттық тұжырымдамалары қарастырылған. Жергілікті өзін-өзі басқаруға қатысты ҚР Конституциясына, ҚР жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы заңына өзгерістер енгізуге ұсыныстар жасалған. Жергілікті өзін-өзі басқаруды жетілдірудің дамыған елдердің халықаралық тәжірибелері зерделенді. Жергілікті өзін-өзі басқару органдарын жетілдіруге ұсыныстар жасалған. Жергілікті өкілдік органдар өз өкілеттіктерін жүзеге асыру барысында тәуелсіздік пен бейтараптықты қамтамасыз ету жолдары қарастырылған. Жергілікті басқаруды жүзеге асыру барысында азаматтық қоғамның олқылықтары қарастырылып және оны жетілдірудің тетіктері талданды. Жергілікті өкілдік органдар мен жергілікті атқарушы органдардың құқықтық мәртебелері мен қызметтеріне қатысты ара жігін ажыратуға байланысты ұсыныстар қарастырылды.

Түйінді сөздер: жергілікті өзін-өзі басқару, жергілікті өкілдік орган, жергілікті атқарушы орган, мәслихат, тұрғын халық, азаматтық қоғам.

М.К. Абдрахманов

*Alikhan Bokeikhan University, Қазақстан, Семей
(E-mail: medet-abdrahmanov@mail.ru)*

Вопросы оптимизации деятельности депутатов маслихата и совершенствования гражданского общества

Аннотация. В статье рассматриваются актуальные вопросы, касающиеся правового статуса местных исполнительных органов с местными представительными органами местного самоуправления. Рассмотрены зарубежные и национальные концепции совершенствования местного самоуправления. Внесены предложения в Конституцию РК, законы О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан. Изучен международный опыт развитых стран по совершенствованию местного самоуправления. Разработаны предложения по совершенствованию органов местного самоуправления. Предусмотрены пути обеспечения независимости и беспристрастности местных представительных органов при осуществлении своих полномочий. В ходе реализации местного самоуправления были учтены пробелы в гражданском обществе и проанализированы механизмы его совершенствования. Рассмотрены предложения, связанные с разделением правового статуса и услуг местных представительных органов и местных исполнительных органов.

Ключевые слова: местное самоуправление, местный представительный орган, местный исполнительный орган, маслихат, население, гражданское общество.

М.К. Abdrakhmanov

*Alikhan Bokeikhan University, Қазақстан, Семей
(E-mail: medet-abdrahmanov@mail.ru)*

Issues of optimizing the activities of Maslikhat deputies and improving civil society

Annotation. The article deals with topical issues related to the legal status of local executive bodies with local representative bodies of local self-government. Foreign and national concepts of improving local self-government are considered. Proposals have been made to the Constitution of the Republic of Kazakhstan, laws on local government and self-government in the Republic of Kazakhstan. The international experience of developed countries in improving local self-government has been studied. Proposals have been developed to improve local government bodies. There are ways to ensure the independence and impartiality of local representative bodies in the exercise of their powers. During the implementation of local self-government, gaps in civil society were taken into account and mechanisms for its

improvement were analyzed. Proposals related to the division of the legal status and services of local representative bodies and local executive bodies were considered.

Keywords: local government, local representative body, local executive body, maslikhat, population, civil society.

Кіріспе. Бүкіл дүние жүзінде жергілікті өзін-өзі басқарудың теориялық және тәжірибелік қолданыстағы көптеген формалары жүйелі түрде заңнамаларында тікелей шегеленіп бекітілген. Сәйкесінше АҚШ пен Еуропалық өркениетті елдердің жергілікті өзін-өзі басқару жүйесіндегі үздік тәжірибелерін Қазақстан Республикасына ең қолайлысын таңдау қажет.

Қазақстан Республикасының Конституцияның 89-бабына сәйкес «Қазақстан Республикасында жергілікті маңызы бар мәселелерді тұрғын халықтың өзі шешуін қамтамасыз ететін жергілікті өзін-өзі басқару танылады» [1].

Дамыған Еуропа мемлекеттерінде жергілікті басқару жүйелі түрде заңда жазылып, ол азаматтық қоғамның қатаң қарамағына алынған. АҚШ пен Еуропа мемлекеттерінде мемлекеттік соның ішінде жергілікті мәселелерді жүзеге асыруда жүйелі әрі заңды түрде нақты бекітілген, ал біздің елде жергілікті басқару институттары жеткілікті деңгейде дамымауында яғни жергілікті мәселелерді шешуде жергілікті өкілдік органдармен жергілікті атқарушы органдардың қызметтерін жүзеге асыруда қайшылықтары кездесіп жатады. Мәслихат депутаттары жергілікті маңызы бар мәселелерді шешеді, өз бюджеті, өзінің айрықша құзіреті бар, яғни өзін-өзі басқарудың барлық формаларының белгілері бар. Қазақстан Республикасының Конституциясы бойынша жергілікті өзін-өзі басқару ол жергілікті мемлекеттік басқаруға жатқызылған. Сәйкесінше, еліміздің негізгі заңына өзгертулер енгізу шартты мәселе, «мәслихат – жергілікті өзін-өзі басқару органы», сонымен қатар жергілікті бюджет пен биліктік құзыреттілігі осы негізгі заңда көрініс табуы тиіс.

Азаматтардың өкілді билікке деген сенімін нығайту үшін мәслихаттарға баса мән берген жөн. Мықты мәслихаттар өзекті мәселелердің шешімін табуға және

аймақтардағы тұрмыс сапасын жақсартуға әсер ете алады [2].

Қазіргі таңда ауылдық, аудандық әкімдер халықпен сайланады, Қазақстан Республикасының Президентінің соңғы жолдауына сәйкес, енді облыс әкімдерін сайлау да қолға алуда. Сондықтан да әкімдер сайлану арқылы де-факто жергілікті басқару органдарына айналады. Шетел мемлекеттерінен мысалдар келтірсек, мәселен, Ресей Федерациясы 1998жыл 15 қазанда қабылданған жергілікті басқару туралы Еуропалық Хартияны ратификациялаған, сәйкесінше, Ресей Федерациясы ұлттық заңнамаларына жергілікті басқаруға қатысты халықаралық нормаларды енгізді. Осындай халықаралық нормаларды ұлттық заңнамаларға енгізу арқылы жергілікті жердегі орталықсыздандыруға бірден бір қадам жасап отыр. Қазақстан Республикасы да болашақта осы мәселені қолға алу керектігі туралы өзінің жыл сайынғы жолдауында айтып өтті.

Зерттеу әдістері. Зерттеу материалдарында теориялық және эмпирикалық әдістер қолданылып зерделеу барысында жергілікті жердегі ортақ міндеттер мен тұжырымдар қалыптасты. Салыстырмалы құқықтық талдау әдістері арқылы озық демократиялық мемлекеттердің жергілікті басқару жүйелері қарастырылды. Жергілікті өзін-өзі басқаруға қатысты заңдар мен кодекстерге талдаулар жасалды.

Зерттеу нәтижелері. Мәслихаттың қызметін оңтайландырудың бірден бір бағыты ол жергілікті жердегі азаматтық қоғамның дәрежесін арттыру өте тиімді қадам болып табылады. Жергілікті басқаруға жергілікті азаматтардың белсене қатысуы азаматтық қоғамның элементтері бар болған жағдайда ғана жергілікті басқару табысты дами алатындығын атап өткен жөн. Біздің елде азаматтық қоғамның жұмыс істеуін айту қиын тек оның қалыптасуына қысқаша тоқталуға болады. Азаматтық қоғамды қалыптастырудың

бірден бір жолы ол мемлекеттік органдардың тұрғын халыққа мәселелердің атқарылып жатқандығы туралы хабарлама беру емес халыққа түсіндіруінен тұрады. Шетел мемлекеттеріндегідей жергілікті өзін-өзі басқаруда «қоғамдық кеңес» мүшелерінің орны ерекше, оны түсіну біздің халқымыз үшін әлі де бұлыңғыр тұман тәріздес көрінеді. Жергілікті басқару жүйесін жетілдіру тұжырымдамалары дүние жүзі елдерінде ғасырлар бойы қалыптасып келе жатыр, ол тарихи сипатқа ие, себебі әр уақытта мемлекеттің де, қоғамның да даму деңгейіне байланысты мемлекет пен жергілікті қауымдастықтың мүдделерін үйлестірудің нысандары мен әдістерін іздеуді көрсетеді.

Көптеген зерттеушілердің көз қарасы бойынша Жергілікті өзін-өзі басқару саласын саяси аспект ретінде қарастырады. Ең алдымен мемлекеттік және жергілікті саясаттағы жергілікті өзін-өзі басқарудың рөлін басқа бағытта қарастырған жөн, сәйкесінше жергілікті жерде тек сол аймақтың әлеуметтік, экономикалық және құқықтық дамуына және тұрғын халықтың әл ауқатын жақсартуға бағытталған шаралардан тұратындығын ескеруіміз шарт. Жергілікті өзін-өзі басқарудағы еркін қоғамдық қауымдастығы мемлекеттік басқаруға қарсы келмейді ол жергілікті жердегі әлеуметтік экономикалық дамуына ықпалын күшейтеді, ол үшін, сәйкесінше, жергілікті бюджет еркіндігі болуы қажет.

XX ғасырдың ортасына дейін еліміздің жергілікті өзін-өзі басқару үлгісі айтарлықтай өзгеріске ұшыраған жоқ, сол уақытқа дейін бұрынғы КСРО-ның үлгісінде болды, яғни жергілікті басқару органдары мемлекеттік басқарудың бір бөлігі болды. Сондықтан да елімізде жергілікті басқаруды жетілдіру өзекті мәселе, себебі халықтың өмір сүру деңгейін арттырудың бірден бір жолы осы жергілікті басқаруды бір жүйеге келтіру болып табылады.

Еуропалық жергілікті басқару хартиясында «Жергілікті өзін-өзі басқару принципі ішкі мемлекеттің ішкі заңдарымен танылуы керек және мүмкіндігінше мемлекет

Конституциясында да көрініс табуы керек» деп көрсетілген [3].

XX ғасырдың екінші жартысынан бастап жергілікті мемлекеттік басқарудағы жаңашылдық, шетелдердегі жаңа теориялық өзгерістер урбанизацияға ұшырады. Жергілікті өзін-өзі басқарудың заманауи концепциялары пайда бола бастады. Ол Локалистік тұжырымдама – либералды демократия идеяларына негізделген. Жергілікті өзін-өзі басқару саяси демократияның маңызды институты ретінде әрекет етеді. Шетелдік күшті және әр тараптандырылған жергілікті өзін-өзі басқарудың болуы, жергілікті мәселелерді шешуде орталықсыздандырылған жүйенің қолданылуынан және қоғамдық кеңес пен азаматтық қоғамнан азаматтарды көптеп тартудан көрініс табады. Диффузия билігі – демократияның күші, кез келген мәселеге байланысты мемлекеттің өз азаматтарынан алатын жауаптарында жатыр. Эксперимент, инновация және жергілікті мәселелерге қатысты халықты қанағаттандыру мәселесі төңірегінде жергілікті өзін-өзі тәжірибесін талдау мен саралау өте маңызды. Жалпы бұл тұжырымдамада орталық үкімет пен саясатты түсінудің плюралистік көзқарасы ұсынған және мемлекеттік билікке емес жергілікті халық сайлайтын өкілдерін жетілдіруді көздейді. Қоғамдық таңдау тұжырымдамасы – бұл тұжырымдаманың өкілдері жергілікті жердегі қызметтерді бөлудің өзіндік ерекшелігін ұсынады. Жергілікті өзін-өзі басқарудың тиімділігін арттыру үшін негізгі екі реформаны ұстанады. Бірінші реформа – орталықтан тағайындалған келісім. Бұл ретте жергілікті бюрократияны шынайы бет бейнесін ашу және жеке секторлармен экономикалық тиімділікті арттыруға мүмкіндік береді. Екінші реформа – қалыптасқан бюрократияны бөлшектеу. Жергілікті өзін-өзі басқару жүйесіндегі ірі тиімсіз ұйымдардың орнына тұрғылықты халықтың алуан түрлі қажеттіліктерін қанағаттандыратын мүмкіндік беретін шағын органдармен алмастыру қажеттіліктері. Бұл монополияларды ауыздықтауға және жергілікті бәсекелестікті тудырады сонымен қатар қоғамдық бақылау мен жергілікті өзін-өзі

басқаруға өкілдерді таңдауға көмектеседі. Жергілікті деңгейдегі өзін-өзі басқарудың қажеттілігі көптеген қызметтердің жергілікті халық үшін тиімділігіне негізделген.

Мемлекет пен қоғам қатынасының «төрешіл» моделінен басқарудың проактивті, сервистік және азаматтардың сұраныстарына ден қойғыш нысанына көшу мемлекеттік органдар үшін негізгі мақсат болуға тиіс. Сол арқылы халық өз үніне құлақ астырып, өзі үшін маңызды шешімдерді таңдауға мүмкіндік алады, бұл, өз кезегінде, мемлекетке деген сенім деңгейін арттырады және «адамға бағдарланған» мемлекетті қалыптастырады [4].

Қоғамдық қатынастар тұжырымдамасы жергілікті өзін-өзі басқару қос өкілдік рөлін атқарады: біріншіден жергілікті жердің аумақтық мүдделерін білдірсе екінші тұрғыдан сол мезетте жалпы ұлттық деңгейдегі мемлекеттік саясатқа жауапты, жергілікті мәселелерді қоспағанда, орталық үкімет қабылдаған шешімдерін орындаушы ретінде.

Демократиялық, құқықтық және әлеуметтік мемлекеттің міндеті азаматтық қоғамды жан-жақты дамыту болып табылады, оның қызметінің мазмұны келесі әрекеттерден көрініс табады:

- азаматтық бастамаларды қолдау, дамыту және ынталандыру;
- жергілікті халықтың әр түрлі топтарының мүдделерін жүзеге асыруға көмектесу;
- азаматтардың құқықтарын қорғау және халықтың әртүрлі топтарының мүдделерін жүзеге асыру;
- Республикалық және жергілікті мәселелерге азаматтардың көптеп қатысуын қамтамасыз ету;
- Республикалық және аймақтық маңызды мәселелерді шешуде жергілікті тұрғындарға қол жетімділігі және түсінікті болуына көмектесі;
- Бұқаралық ақпарат құралдарына тәуелсіздік беру, кез келген тұрғын халықты алаңдататын мәселелерді айқындауда ақпараттық кеңістіктің ашықтығын қолдау.

Азаматтық белсенділік - мемлекеттік органдар азаматтардың қоғамдық белсенділігін қолайлы құқықтық ортаны құру, өз қызметі туралы халықты тұрақты хабардар ету, азаматтар мен түрлі қоғамдық бірлестіктерді қабылданған шешімдерді жоспарлауға және орындауға тарту арқылы қолдайды [5].

Осы 2024жылы «Ақ жол» фракциясының депутаттары ҚР Премьер-Министрі О. Бектеновке «Мәслихаттардың мәртебесі мен рөлін күшейту қажеттігі» туралы ашық хат жолданды. Мәтіні: «Өткен жылдан бастап Салық кодексінің 696-3-бабы жергілікті мәслихаттарға бөлшек салық сомасын екі есе азайтуға құқық берді» [6]. Бұл көптеген шағын кәсіпкерлерге аяққа тұруға мүмкіндік беретін қуатты механизм. Өткен жыл көрсеткендей, мәслихаттардың бұл құқығын әкімдіктердің рұқсатынсыз іске асыру мүмкін емес.

Мәжілістегі «Ақ жол» фракциясы Үкіметке және облыс әкімдеріне салықты төмендету қажеттілігі туралы үш рет депутаттық сауалдар жолдады. Осындай ұсыныстарды барлық өңірлердегі жергілікті мәслихаттардың депутаттары енгізді. Бөлшек сауда салығын талқылау жергілікті мәслихаттар мен олардың депутаттарының мәртебесі мен өкілеттігінде құқықтық олқылықтардың бар екенін көрсетеді. Қағаз жүзінде жергілікті бюджетті бекітумен қатар, мәслихаттың құзыретіне Салық кодексіне сәйкес 6 салық түрі бойынша төлем мөлшерлерін бекіту кіреді. Бірақ бұл мәселелер қаржыға қатысты болғандықтан, мәслихат депутаттары әкімнің рұқсатынсыз ештеңе істей алмайды. «Мәслихаттардың әкімдіктерге тәуелділігін жою арқылы мәселені шешу керек» деген ұсыныс жасады [7].

Негізгі зерттеу ережелері. Жоғарыда қарастырылған мәселелерге сәйкес жергілікті өзін-өзі басқаруды жетілдіруде мәслихат депутаттарының атқаратын қызметтерінің маңызы өте зор, мәселен:

- бірінші, мәслихат депутаттары құрамындағы ревизиялық қадағалау тетігін қайта енгізу, себебі облыстық ревизиялық

қадағалау органын шалғай жатқан аудандарды тексеру барысында уақыт жетіспеушіліктері және басқада мән-жайларға байланысты жеткілікті деңгейде олқылықтар тәжірибеде көрініс табуда;

- екінші, жоғарыда аталған Салық кодексінің 696-3-бабы сәйкес мәслихат депутаттарының жергілікті мәселелерді шешуде дәрменсіздігінің дәлелі ретінде көруге болады, сәйкесінше нормалар арасындағы қайшылықтарды жоймай жергілікті өкілдер мен жергілікті атқарушы органдардың қызметтерін үйлестіру мүмкін емес;

- үшінші, Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148 Заң [8]. 20-бап Мәслихат депутатының өкілеттіктері, осы баптың 3-тармағына жергілікті тұрғын халықтың бастамасымен өздері дауыс беріп сайлаған мәслихат депутаттарын қайтарып алу тетіктерін енгізу қажет деп санаймыз.

Азаматтық қоғамның дамуы - бұл тек демократиялық даму үшін ғана емес, сонымен қатар оның субъектілерін-азаматтық сапаны дамытатын адамдарды, сондай-ақ олардың мүдделерін білдіретін бірлестіктерді қалыптастыру үшін жағдай жасау арқылы жүзеге асырылатын эволюциялық процесс. Азаматтық қоғамның ең алдымен экономикадағы, содан кейін әлеуметтік, құқықтық саладағы өзгерістермен үйлестіріліп жүзеге асырылады.

Өркениетті мемлекеттерде қалыптасқан тәжірибе негізінде бақылаудың екі бағыты анықталды:

- бірінші бағыт; мәслихаттар – жергілікті атқарушы органдардың қызметіне қатынастарын қалыптастыру арқылы жергілікті мәселелерді шешуге белсене араласуы;

- екінші бағыт: қоғамдық кеңес немесе азаматтық қоғам – мәслихаттар мен олардың депутаттарының жұмысына өз қатынастарын қалыптастыруынан көрініс табады.

Қазақстан Республикасында азаматтық қоғам толыққанды қалыптасқан жоқ, мемлекеттің барлық құқықтық,

әлеуметтік және экономикалық мәселелерді шешуші рөл орталықтан басқарылатын жергілікті атқарушы органның басшысында қалады. Өкінішке орай бүгінгі таңда жергілікті маңызды мәселелерді шешуде азаматтық қоғамды қалыптастырудағы маңызды мекемелер мен ұйымдардың тәжірибе жүзінде ешқандай қызмет атқарып отырмағандағын белгілі. Қазіргі кезде жергілікті жердегі жергілікті атқарушы органдармен қандайда бір келіспеушіліктер немесе жергілікті билік органдарымен соттасып жатқан азаматтық қоғамды көру өте сирек кездесетін құбылыс. Бұл дегеніміз азаматтық қоғамның жұмыс істемейтіндігінің көрінісі болып табылады.

Қорытынды. Мемлекеттік билік органдарының бастамасымен жергілікті өзін-өзі басқаруды жетілдіру мен дамытудың оң және теріс әрекеттері пайда болады. Мемлекеттік билік тарапынан алғанда жергілікті өзін-өзі басқаруды бір арнаға әкеле жатыр, бұл тұрғыдан енді еліміздің халықтың да құқықтық білімін жетілдіруде маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Жергілікті басқаруды жетілдіру үшін міндетті түрде толық құқықтық және экономикалық яғни бюджеттік еркіндік толық заңмен жергілікті өкілдер мен жергілікті атқарушы органдар арасында толық ара жігі ажыратылмай келеді. Бұндай тиімділік жергілікті органдар мен олардың лауазымды тұлғаларының арасында қайшылықтарды тудыру қаупі көзделген. Бұндай өзара іс қимыл жергілікті жердегі мәселелерді демократиялық тұрғыда шешуде өзіндік кедергілерін келтіруі мүмкін.

Жергілікті өзін-өзі басқару мен жергілікті мемлекеттік басқару органдарының ара жігін негізгі қағидалармен ажырату арқылы әрқайсысының өкілеттігін бөлу. Мәселен жергілікті өкілетті органның шығарған қаулылар мен шешімдері жергілікті атқарушы органдар мен жергілікті жердегі барлық мекемелер мен ұйымдарға орындауы міндетті болуы тиіс, сонда ғана алға қойған мақсаттар мен міндеттер іске асырылады.

Орталық атқарушы орган тағайындаған Үкімет өкілдері мен олардың аппараттары аймақтағы халық сайлаған өкілдері мен азаматтық қоғам құрамына кіретін мекемелерге «бұйрық, үкім беру» емес жергілікті жердегі тұрғын халықтың өмірлік қызметтерін ұйымдастыруға және өзекті мәселелерін шешуге атсалысуы керек. Дамыған мемлекеттердің барлығында жергілікті өзін-өзі басқару осылай қызмет атқарады және өте тиімділігін көрсетіп отыр. Жоғарыда аталған мәселелерді бір жүйеге келтірмей

және осы мәселелерді Республиканың негізгі заңына өзгерістер енгізбей, жергілікті басқаруда ешқандай жаң түбегейлі өзгеріс болуы мүмкін емес.

Шетел мемлекеттерінің тәжірибесі көрсеткендей жергілікті басқару жүйесін қалыптастырып жұмыс істеуі үшін негізгі мынандай алғышарттар болуы шарт: аймақтық элита, жергілікті кәсіпкерлер мен жергілікті басқару тетіктері. Ең негізгісі ол жергілікті басқару жүйесін заңи тұрғыда бір орталықтан бағындырылатын жүйеден алшақтату болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы, Конституция 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000>
2. «ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН: ЖАҢАРУ МЕН ЖАҢҒЫРУ ЖОЛЫ» 2022 жылғы 16 наурыз Қазақстан Республика Президентінің жолдауы <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-1622340>
3. Европейская хартия местного самоуправления Страсбург, 15 октября 1985 года <http://hrlibrary.umn.edu/euro/Rets122.html>
4. Об утверждении Концепции развития государственного управления в Республике Казахстан до 2030 года Указ Президента Республики Казахстан от 26 февраля 2021 года № 522. <https://adilet.zan.kz/rus/docs/U2100000522>
5. Қазақстан Республикасында азаматтық қоғамды дамыту тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 27 тамыздағы № 390 Жарлығы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2000000390>
6. Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (салық кодексі) Қазақстан Республикасының Кодексі 2017 жылғы 25 желтоқсандағы № 120-VI ҚРЗ. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1700000120/k170120.htm>
7. Нужно усилить статус и роль маслихатов, 03.04.2024 Депутаты фракции «Ак жол» Премьер-Министру РКО.Бектенову С уважением, Депутаты фракции «Ак жол» Қ.Иса А.Перуашев Д.Еспаева Е.Барлыбаев А.Садықов Е.Бейсенбаев. <https://akzhol.kz/ru/initiated-bills/nuzhno-usilit-status-i-rol-maslihatov>
8. Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148 Заңы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z010000148>

Reference

1. Kazakstan Respublikasynyn Konstituciyasy, Konstituciya 1995 zhyly 30 tamyzda respublikalyk referendumda kabyldandy. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000>
2. «ZHANA KAZAKSTAN: ZHANARU MEN ZHANGYRU ZHOLY» 2022 zhylygy 16 nauryz Kazakstan Respublika Prezidentinin zholdauy <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-1622340>
3. Evropejskaya hartiya mestnogo samoupravleniya Strasburg, 15 oktyabrya 1985 goda <http://hrlibrary.umn.edu/euro/Rets122.html>
4. Ob utverzhdanii Konceptii razvitiya gosudarstvennogo upravleniya v Respublike Kazahstan do 2030 goda Ukaz Prezidenta Respubliki Kazahstan ot 26 fevralya 2021 goda № 522. <https://adilet.zan.kz/rus/docs/U2100000522>
5. Kazakstan Respublikasynda azamattyk kogamdy damytu tuzhyrymdamasyn bekitu turaly Kazakstan Respublikasy Prezidentinin 2020 zhylygy 27 tamyzdagy № 390 Zharlygy <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2000000390>
6. Salyk zhane byudzhetke tolenetin baska da mindetti tolemder turaly (salyk kodeksi) Kazakstan Respublikasynyn Kodeksi 2017 zhylygy 25 zheltoksandagy № 120-VI KRZ. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1700000120/k170120.htm>
7. Nuzhno usilit' status i rol' maslihatov, 03.04.2024 Deputaty frakcii «Ak zhol» Prem'er-Ministru Bektenovu S uvazheniem, Deputaty frakcii «Ak zhol» K.Isa A.Peruashev D.Espaeva E.Barlybaev A.Sadykov E.Bejsenbaev <https://akzhol.kz/ru/initiated-bills/nuzhno-usilit-status-i-rol-maslihatov>
8. Kazakstan Respublikasyndagy zhergilikti memlekettik basqaru zhane ozin-ozii baskaru turaly, Kazakstan Respublikasynyn 2001 zhylygy 23 kantardagy N148 Zany. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z010000148>

Автор туралы мәліметтер / Информация об авторе / Information about authors

Абрахманов М.К. - аға оқытушы, мемлекеттік құқықтық пәндер кафедрасы, Alikhan Bokeikhan University, Абай көш..94, Семей, Қазақстан.

Абрахманов М.К. - старший преподаватель кафедры Государственно-правовых дисциплин, Alikhan Bokeikhan University, ул. Абая.94, Семей, Казахстан.

Abdrakhmanov M.K. - Senior Lecturer of the Department of State and Legal Disciplines of Alikhan Bokeikhan University, Abaya Str.95, Semey, Kazakhstan.